



БЕКІТЕМІН

Мектеп директоры

Назарбекова С.А.

«29» 08 2022 жыл

КЕЛІСЕМІН  
Көсінедақ үйымының төрагасы  
Байгабыл Т.  
«29» 08 2022 жыл

**«Олжабай батыр ауылшының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ**  
**ШКІ ЕҢБЕК ТӘРТІБІНІН**  
**ЕРЕЖЕСІ**

Осы ереже КР «Еңбек Кодексіне» және мектеп-Жарғысна сай күрастырылған, қызметкерлер мен әкімшілік ішкі еңбек тәртібін анықтайды және мектеп қызметімен байланысты т.б. сұрақтарды ретке келтіреді.

## **I. Жалпы ережелер.**

1. «Олжабай батыр ауылшының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің еңбек тәртібі КР зандарына сәйкес әкімшіліктің ұсынымы бойынша мектептің педагогикалық қызметкерлерінің кеңесімен бекітілген ішкі еңбек тәртібінің ережелерімен анықталады.

2. Ішкі еңбек тәртібінің ережелері мектеп ұжымы жұмысының нақты уақыт тәртібін ұйымдастырады, қалыпты жұмыс істеуге, жұмыс уақытын ұтымды пайдалануға мүмкіндік береді, еңбек тәртібін нығайтады, қызметкерлерге жайлы ішкі ахуал жасайды.

3. Ішкі тәртіп ережесін колдануға қатысты барлық сұраптар, берілген құқыктары шегінде мектеп әкімшілігімен, сондай-ақ күшіне енгел заңнамалармен, кәсіподак комитетімен бірге немесе келісіліп шешіледі.

### **Кысқаша сипаттама:**

1. мекен-жайы: Ерейментау ауданы, Олжабай батыр ауылы, Ш. Байтуаров көшесі 15.

а) Телефондары: 8 (716) 33334198

б) Электронды пошта: blagodat\_school@mail.ru

2. Типтік гимарат, жобалық қуаттылығы 397 окушы.

### **Оқу ауысымы**

Мектеп екі ауысымда жұмыс істейді:

#### **I ауысымның қоңырау кестесі:**

- Бірінші сабак 8.30.-9.15
- Екінші сабак 9.20.-10.05
- Үшінші сабак 10.20.-11.05
- Төртінші сабак 11.10.-11.55
- Бесінші сабак 12.10.-12.55
- Алтынши сабак 13.00.-13.45
- Жетінші сабак 13.50.-14.35

#### **II ауысымның қоңырау кестесі:**

- Бірінші сабак 14.00.-14.45.
- Екінші сабак 14.50.-15.35
- Үшінші сабак 15.50-16.35
- Төртінші сабак 16.40 - 17.25
- Бесінші сабак 17.40- 18.25
- Алтынши сабак 18.30 -19.15

Әр түрлі жағдайларға байланысты мектептің жұмыс ауысымында, сабак кестесінде, сыйыптардың ауысымында өзгерістер енгізілуі мүмкін.

### **Жұмыс күндері:**

**Дүйсенбі- жұма күндері:** Базалық(инвариантты) компонент, таңдау курстары мен окушы компонентіндегі сабактар бекітілген кестеге сәйкес жүргізіледі.

**Сенбі, жекеңенбі күні:** демалыс

#### **1. Білім беру процесі**

2. Мектеп оқыту процесін білім берудің үш сатылы деңгейлі жалпы білім беру бағдарламаларымен жүзеге асырады: 1 саты - жалпы бастауыш білім (игерудің кесімді мерзімі – 4 жыл); 2 саты - жалпы негізгі білім (игерудің кесімді мерзімі- 5 жыл); 3 саты - жалпы орта (толық) білім (игерудің кесімді мерзімі 2 жыл).
3. Жалпы бастауыш білім (1 саты) окушының оку, жазу, есептеу, оку әрекетінің негізгі іскерліктері мен дагдыларын, теориялық ойлау элементтерін, оку әрекетінде өзін-өзі бақылаудын, сойлеу мен жүргіс-тұрыс мәдениеттің қарапайым дагдыларын, жеке бас гигиенасы мен салауатты өмір салтының алғашқы негіздерін игертуді қамтамасыз етеді.
4. Жалпы негізгі білім (2 саты) арнаулы пәндік білім негіздерін қалайды, окушының жеке тұлға ретінде қалыптасуына, оның қызыгуышылығын, қабілеттің әлеуметтік бейімделуіне карай дамытуға, базалық білім алуына жағдай жасайды.
5. Жалпы орта (толық) білім гылым негіздері бойынша жалпы білім дайындығының корытындылауши кезеңі болып саналады, окушылардың тұракты танымдық қызыгуышылықтарын, шыгармашылық қабілеттерін дамытуды, сарапал оқыту негізінде өз бетінше оку әрекеттері дагдыларын қалыптастыруды қамтамасыз етеді.
6. Жалпы білім берудің бұл сатысында окушының қызыгуышылығы мен қабілеттің дамытуға, кәсіптік бағдарын айқындауга бағытталған, окушының өз тандауы бойынша бағдарлы оқыту жүзеге асырылады.
7. Мектептің оқыту процесін ұйымдастыру мен оқу-тәрбие процесінің жоспары оку жоспары негізінде құрылып, жылдық күнтізбелік оку кестесі мен сабак кестелері арқылы реттеледі.
8. Білім мазмұны білім берудің мемлекеттік жалпы міндетті стандарты ескеріліп жасалған бағдарламалар мен оку жоспарлары негізінде анықталады.
9. Мектеп аралас, яғни окушылар қазақ және орыс тілдерінде оқытылады

## **II. БАЛАЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУ МЕН БОСАТУДЫҢ ТӘРТИПІ.**

1. Балаларды мектепке қабылдау тәртібі- балаларды қабылдауды реттейтін нормативтік күжаттарға сәйкес жүргізіледі.

1. Баланы мектепке қабылдау туралы бүйрек шыққаннан кейін, окушы алфавиттік кітапқа тіркеледі.

2. Бекітілген жеке карта талантарына сәйкес әр окушыга окушының жеке картасы расімделеді. Жеке картаның номірі алфавиттік кітапқа тіркелген окушылардың номіріне сәйкес беріледі.

3. Окушыны босаткан кезде де алфавиттік кітапқа кеткен орын мен себебі көрсетіліп (мектеп бойынша бүйрек), тиісті жазба енгізіледі.

4. Окушылардың жеке карталары мектепте сакталады. Окушылар басқа білім беру мекемесіне аудысан кезде жеке карта ата-анасының жазбаша етініші бойынша беріледі.

5. Окушылар бір мектептегі келесі мектепке оку жылдарын барысында ауысатын болса, ереженің 2.5 боліміндегі күжаттардан басқа директордың колымен және мектеп мөрімен расталған окушының үлгерім мәдінеті коса беріледі.

6. Мектепке білім алу деңгейіне сәйкес құқығы бар азаматтар қабылданады. Окушыларды негізсіз мектепке қабылдамауга немесе балаларды мектепке байкау негізінде алуга жол берілмейді.

7. Окушыларды мектептен босату/шыгару.

Окушыларды мектептен шыгару тек КР «Білім туралы» Заңының негізінде жүргізіледі.

8. Окушы басқа білім беру мекемесіне ауысусына байланысты шыгарылған жағдайда, жалпыға міндетті білім туралы заннамасын сактау үшін қадағалау жүргізу максатында ата-анасы күжаттарын тапсырганнан соң мектепке қабылданатының растайтын аныктама экелуге тиісті.

## **III. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ҚАБЫЛДАУ, АУЫСТЫРУ ЖӘНЕ ЖҰМЫСТАН БОСАТУ ТӘРТИПІ.**

1. Қызметкер осы мектептегі жұмысы туралы енбек шартын жасасу арқылы өзінің енбек құқығын аныктайды.

2. Қызметкер мен мекеме арасындағы енбек шарты жазбаша түрде жасалады. Жұмыска қабылдау мектеп директорының бүйрекпен расімделеді. Қызметкер бүйрекпен кол кою арқылы танысады.

3. Жұмыска қабылдау және енбек шартын жасау кезінде, қабылданушы тиісті күжаттарды тапсырады:

Конкурсқа катысуга иштей білдірген тұлға ХҚКО арқылы "Ақмола облысы білім баскармасының Ерейментау ауданы бойынша білім болімінің Ерейментау ауданы бойынша білім болімінің Олжабай батыр ауылдарының ЖОББ мектебі" КММ-сінде келесі күжаттарды ұсынады:

1) осы Қағидаларға 10-кесе ысандардың бойынша коса берілестін күжаттардың тізбесін көрсете отырып, "Ақмола облысы білім баскармасының Ерейментау ауданы бойынша білім болімінің Олжабай батыр ауылдарының ЖОББ мектебі" КММ-нің директорының атына тіркелген жері, нақты тұратын жері, байланыс телефондары көрсетілген конкурсқа катысуга туралы етініш;

2) жеке басын күзгілердің күжат не цифрлық күжаттар сервисінен алынған электронды күжат (идентификация үшін);

3) кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке іс парагы (нақты тұргылықты мекенжайы мен байланыс телефондары көрсетілген – бар болса);

4) Педагогтердің үлгілік белгілілік сипаттамаларымен бекітілген лауазымға қойылатын белгілілік талантарына сәйкес білімі туралы күжаттардың көшірмелері;

5) енбек қызметін растайтын күжаттың көшірмесі (бар болса);

6) "Денсаулық сактау саласындағы есепке алу күжаттамасының ысандарының бекіту туралы" Казахстан Республикасы Денсаулық сактау министрінің міндеттін аткарушының 2020 жылғы 30

туралы аныктама (Нормативтік күккүстүк актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген).

7) психоневрологиялық үйымнан аныктама;

8) наркологиялық үйымнан аныктама;

9) Үлттық біліктілік тестілеу сертификаты (бұдан әрі – УБТ) немесе педагог-модератордың, педагог-сарапшының, педагог-зерттеушінің, педагог-шебердің біліктілік санатының болуы туралы күзіл (болған жағдайда).

10) 11-көсімнешеге сәйкес нысан бойынша педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың толтырылған Багалау парагы.

Конкурсқа катысу үшін ұсынылатын құжаттардың көшірмелерін потариат немесе жұмыс орнынан кадр қызметі растайды.

Корсетілген құжаттардың біреуінің болмауы құжаттардың кабылдаудан бас тарту үшін негіз болып табылады.

4. Қызметкерді жұмысқа қабылдаған кезде немесе оны белгіленген тәртіп бойынша басқа жұмысқа ауыстырган кезде әкімшілік келесі құжаттармен таныстыруға міндетті:

мекеме Жарғысымен;

ұжымдық еңбек шартымен;

ішкі еңбек тәртібінің ережелерімен;

лауазымдық талантармен (нұсқаулықтармен);

енбекті қоргау және өрт қауіпсіздігі бойынша бұйрықтармен.

Енбекті қоргау бойынша «Коргау мен қауіпсіздік бойынша алғашкы нұсқаулық журналына» тіркеу арқылы алғашкы нұсқаулық жүргізу, және де қоргау шарттары мен оның төлемі туралы акпарат беру.

5. Еңбек шарты тек заннамада қарастырылған негіздемелер бойынша гана тоқтатылады.

6. Әр қызметкерге кадр есебі жөніндегі жеке іс парагынан, өмірбаяннан, білімі, біліктілігі, касиби даярлығы туралы құжаттардың көшірмесінен; мектепте жұмыс істеуге қарсы көрсеткіші жоқтығы туралы қорытындысы жазылған медициналық кітапшадан; тәгайиндалғандығы, ауыстырылғандығы, мадакталғандығы және жұмыстан босатылғандығы туралы бұйрықтардың көшірмелерінен тұратын жеке ісі жүргізіледі. Қызметкер жұмыстан босатылғаннан кейін жеке ісі мектепте қалады.

7. Қызметкерді басқа жұмысқа ауыстыру тек оның келісімімен жүргізіледі, заң қызметкердің келісімінсіз уақытша өндірістік қажеттілікке байланысты, уақытша жұмысқа шықпаган қызметкерді ауыстыруға және бос қалуға байланысты, бөлшекті жағдайда оны уақытша ауыстырады.

8. Үйимда мектеп жұмысының өзгеруіне және мектепте енбекті үйимдастырудың өзгеруіне байланысты (сынып санының, оку жоспарының өзгеруіне, оқыту мен тәрbiелеуге жана үлгінің енгізілуіне, және т.б.) қызмет, мамандық, біліктілік бойынша қызмет аткару, қызметтер енбегінің маңызды шарттарының өзгеруі: еңбек төлемі мен жүйесі, женілдіктердің, жұмыс тәртібінің, оку жүктемесінің көлемінің өзгеруіне, сондай-ақ толық емес жұмыс уақытын белгілеу немесе өзгерту, көсімша жұмыс түрлерінің (сынып жетекшілігі, кабинет, шеберхананың менгерушілігі және т.б.) белгілеу немесе өзгерту, мамандықты қоса аткару, сондай-ақ басқа да маңызды енбек шартының өзгеруі.

Қызметкер еңбек шартының маңызды өзгерістерімен бір ай бұрын таныстырылуы тиіс. Егер бұрынғы еңбек шартының маңыздылығы сакталмайтын болса, ал қызметкер жаңа шарт бойынша жұмысын жалғастыруға қарсы болса, еңбек шарты тоқтатылады.

9. Еңбек туралы заннамага сәйкес белгілі бір мерзімге еңбек шартын жасасқан қызметкерлер. КР Заннамасында қарастырылған жағдайлардан басқа кезде, еңбек шартын мерзімінен бұрын бұза алмайды.

а) Жұмыстан босату, штаттың қыскаруына немесе қызметкерлердің санына, немесе лауазымына сай келмесе, жұмыстан босатылатын қызметкерді ауыстыруға мүмкіндік болмаса, оның келісімімен, басқа жұмысқа ауыстырылады.

б) Еңбек міндеттерін бірнеше рет негіzsіz орындаған жағдайда; жұмыс күні негіzsіz 3 сағаттан артық жұмыста болмаса; жұмысқа мас күйінде, есірткі немесе уытты заттар қолданып

келсе: тәрбие беру қызметін атқаратын қызметкерлер осы жұмысты жалғастыруға келмейтін, адамгершілікке жат қылық көрсетсе; сайланбалы мектеп кәсіподақ үйымының келісімінсіз, жұмыстан босатылатын қызметкердің кінәсі дәлелденген жағдайда жұмыстан босатылады.

10. Мектеп экімшілігі жұмыстан босатылатын қызметкермен толық каржылай есептесіп, оған тиесілі рәсімделген еңбек кітапшасын, аттестаттаудан өткендігі туралы құжаттарын береді. Еңбек кітапшасына жұмыстан босату себебі заннама тұжырымдамаларына және заң баптары мен тармақшаларына сәйкес толтырылады. Белгілі бір жағдай бойынша жұмыстан босатқанда, заң женілдік пен артықшылықтар беруді байланыстыратын жағдайлар көрсетіліп, еңбек кітапшасына жазылады.

## 1. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІН МІНДЕТТЕРІ.

### 1.1. Мектеп қызметкерлері міндетті:

а) адаптацияның істеуге, жұмыс тәртібін қатаң, мектеп Жарғысы мен ішкі еңбек тәртібі Ережелерінің талаптарын орындауға, еңбек тәртібін бұзбауга жұмысқа уақытында келуге, белгіленген жұмыс уақытының ұзактығын сактауга, экімшіліктің жарлығын уақтылы әрі нақты орындауға;

б) кәсіби біліктілігін жүйелі түрде, 5 жылда бір арттыруға;

в) мектепте де, мектептен тыс жерде де адамгершілік парызын орындау және тәртібі жағынан үлгі болуға;

г) техникалық қауіпсіздік, өндірістік санитария мен орт қауіпсіздігі бойынша, ерекшелер мен нұсқаулықтарға сәйкес талаптарды толық сактауга; барлық жаракат алу жағдайларын шұтыл түрде экімшілікке хабарлауға;

д) қоғамдық мүлікті сактауга және оқушыларды мемлекеттік мүлікке ұқыптылықпен қарауга үйретуге;

е) жыл сайын занмен белгіленген уақытта медициналық байқаудан өтуге;

ж) кадр беліміне қажетті құжаттарды тапсыруға;

1.2. Жұмыс орнын, жиназды, құрылғылар мен аспаптарды дұрыс әрі ұқыпты ұстауга, мектеп белмелерінде тазалық сактауга. Жыл сайын жана оқу жылдарын басына жұмыс орны мен кабинеттің лайындалап, өз күшімен оқушылардың ата-аналары мен демеушілерді тарту арқылы жондеу жұмыстарын жүргізуге, озінің бақыламауы мен салактығының иттихесінде орын алған сынықтарды жондеуге.

1.3. Мектеп мүлкін құннтап ұстауга, құралдарды ұқыпты пайдалануға, электрккезін, жылу мен суды үнемді пайдалануға;

1.4. Белгіленген құжаттарды ұқыпты жүргізуге және уақтылы толтыруға;

1.5. Кесте бойынша сабактары басталғанға дейін 15 минут бұрын жұмысқа келуге;

1.6. Әр қызметкердің лауазымы бойынша атқаратын, нақты қызметтік міндеттерінің аумағын, лауазымдық нұсқаулықтар, мектеп директормен бекітілген кәсілтіп мінездемелер, жүктеме анықтамалары мен нормативтік құжаттар негізінде анықталады.

1.7. Оқушылар мектеп аумағында немесе мектепте болған жағдайда, педагог қызметкерлер оқушылардың өмірі мен қауіпсіздігіне тек сабак уақытындаған смес, сабак басталғанға дейінгі 15 минутта және сабак аяқталғаннан кейінгі 15 минутта жауапты.

1.8. Мектеп оқушылар құрамының өзгеруіне әрі ата-анасынан айрылған және мемлекет қарамагындағы балалардың болуына байланысты, әр қызметкер оларға ерекше көніл бөліп, дерекілік көрсетпеуге тиісті. Сынып жетекшілері осы балаларды міндетті түрде қарсы алып, шыгарып салуга міндетті.

1.9. Мектептің барлық қызметкерлері «Ashyq» косымшасы арқылы гимаратқа кіруге міндетті (кажет болған жағдайда).

1.10. Педагогикалық әдепті қатаң сактауга, Заңға міндетті бағынуга.

## 2. ЭКІМШІЛКІ МІНДЕТТЕРІ.

Мектеп әкімшілігі міндетті:

2.1. Мектеп мұғалімдері мен басқа да қызметкерлердің енбекін ұйымдастыруға, әр қызметкерге белгілі жұмыс орнын бекітуге, жұмыс және сабак кестесімен уақтылы таныстыруға, педагог қызметкерлерді енбек демалысына шыкпай түріл, келесі оку жылына арналған оку жүктемесімен таныстыруға.

2.2. Енбек пен оқудың, денсаулық қауіпсіздігінің шарттарымен, бөлмелердің, жылудың, жарық құралдарының, желдеткіштердің дұрыс жагдайымен, керек-жараптармен және басқа да құралдармен, жұмыска қажетті материалдардың барлығымен қамтамасыз етуге.

2.3. Сабакка қатысу және сабакты талдау барысы, әкімшілік бақылау жұмыстарын журғізу және т.б., сабак кестесін сактау, оку багдарламаларын, жоспарларын, қунтізбелік кестені орындау арқылы білім беру сапасына қадағалау жүргізуге.

2.4. Мектеп жұмысын жақсартуға бағытталған қызметкерлердің ұсыныстарын уақтында карастырып, колдау корсетуге және көтермелеге;

2.5. Белгіленген мерзімде енбекақы беруге, қызметкерлердің енбек жагдайынын сақталуына және енбекақы корының жұмсалуына бақылау жүргізуді жүйелі қамтамасыз етуге;

2.6. Оку және енбек тәртібін қамту бойынша шара колдану.

2.7. Енбек туралы заңнаманы сактауға, окушылар мен қызметкерлердің енбек жағдайын жақсартуға, барлық жұмыс орындары мен демалыс орындарын тиісті санитарлық-техникалық жабдықтармен қамтамасыз етуге, енбекті қорғау ережелеріне, техникалық қауіпсіздік және санитарлық ережелеріне сәйкес енбек жагдайын жасауға.

2.8. Қызметкерлер мен окушылардың барлық техникалық қауіпсіздік, өрт қауіпсіздігі, санитария мен гигиена талаптары мен нұсқаулықтары бойынша білімдері мен есте сактауларын үнемі қадағалауға.

2.9. Жаракаттылықтың, қызметкерлер мен окушылардың кәсіби және басқа ауыларын алдын алу бойынша қажетті шаралар колдануға.

2.10. Ағымдағы жылдың 1-маусымына дейін бекітілген кестеге сәйкес барлық қызметкерлерге уақтылы енбек демалысын беруге, демалыс немесе мейрам күндері жұмыста болған күні үшін, жұмыстан тыс уақытта кезекші болғаны үшін басқа демалыс күнін беруге.

2.11. Педагогтардың және басқа қызметкерлердің біліктілін жүйелі арттыруын қамтамасыз етуге.

2.12. Аз камтылған отбасының окушылары, тәрбиленушілердің ыстық тамақтануды ұйымдастыруға.

## 3. ОКУШЫЛАРДЫҢ МИНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕЖЕСІ

Тәртіп мақсаты - әр окушының табысты окуын қамтамасыз ету, адамды және оның құқығын күрметтеуге тәрбиелеу, тәртіп мәдениетіне және қарым-қатынас дағдысын дамыту.

### I. Минез-құлыштың жалпы ережесі:

1.1. Окушылар мектепке сабактың басталуына дейін 10-15 минут бұрын келеді, таза және ұқыпты болып жүреді, сыртқы киімдерін гардеробка тапсырады, аяқ киімдерін ауыстырады, өз жұмыс орындарына барып сабакқа дайындалады.

1.2. Егер окушы сабакты босатқан күні не себепті босатқаны туралы дәрігер анықтамасын немесе ата-анасынан жазбаша түсініктемені ұсынуы тиіс. Себепті жагдайлармен сабакты босатса (отбасылық жагдай, сыйыстарға, жарыстарға қатысу) ата-ана өтінішін немесе мектептен тыс үйимнан күжатты әкелуі қажет. Себепсіз жагдайлармен сабакты босату, немесе сабакқа кешігіп келу бұзушылық болып есептеледі.

1.3. Мектеп окушысында окуга қажетті оку құралдары, оқулықтар, дәптерлері, күнделігі болуы тиіс. Сабак кестесіне сәйкес окушы үй тапсырмасын орындаپ келуі міндетті.

1.4. Мектеп окушысы үлкендерге, мектеп бойынша кезекшілік атқарып жургендегес сыйластық танытуы қажет, кішіге камкор болуы тиіс. Окушы үлкендерге, жоғары сынып окушылары-кішкентайларға, үлдер-қыздарға жол береді.

- 1.5. Окушылар мектеп мүлігін сактайды, жондеу жұмыстарына белсенді қатысады.
- 1.6. Окушылар көзімдік-пайдалы жұмыстарга, мектеп кезекшілігіне, сондай-ақ сенбіліктерге қатысады.

### **Мектеп окушысына рұқсат берілмейді:**

- сабакқа кешігіп келу;
- дәлізде, баспаңдақта тагы да басқа жерлерде ойнал-жүгірге болмайды;
- терезені ашуға, батарейге және терезенің үстіне отыруға болмайды себебі бұл окушылардың емірі мен деңсаулықтарына қауіпті болып келеді;
- оку құралдарымен және мектеп сөмкесін лақтырып ойнауга болмайды;
- балагаттап, әдепсіз сөйлеуге болмайды;
- оку барысында мед.кызметкердің, сынып жетекшінің немесе мектеп әкімшілігінің рұқсатының мектептен кетуге болмайды. сондай-ақ сабактарды себесіз босатуға болмайды.
- рұксатыз басқа сынныпка баруга болмайды;
- сабак және сәтихан барысында мектеп дәлізінде шулауга болмайды;
- бастауыш сынып окушыларын немесе сынныптастарын кемсітуге, корлық көрсетуге болмайды, дәне зорлығын және төбелестерді болдырмау;
- мектепке және мектеп аумағына түрлі мақсатпен және түрлі амалмен кару-жаракты, жарылғыш немесе өртөнгіш заттарды қолдануға; ішімдік сусындарын, нашақор, тагы да басқа есенгіреттін заттарды, уландырыш заттарды қолдануға және әкелуге болмайды;
- мектепке кымбат аппараттарды, бейнеплеерлерді, сондай-ақ кымбат металлдан және тастандан жасалған зергерлік бүйімдарды тасуға болмайды; бөгде адамдардың заттарын рұксатсыз алуға, үйден алып кету немесе тығып қоюға болмайды;
- мектепке ұлды телефон әкелуге тыыйым салынады;

Жоғарыда аталған бұзушылықтар үшін окушының атына келесі шараптар қолданылуы мүмкін:

- ата-аналарды мектепке шакырту;
- окушының күкірткыштың бұзушылық пен бакылаусыздықтың алдын алу профилактикасы Кеңесіне шакырту;
- Жұйелі бұзушылықты орындау жағдайында - мектепшілік есепке қою;
- Әкімшілік кенеске шакырту;
- Педагогикалық кенеске шакырту;

### **II. Окушының сыртқы киім келбеті:**

- 2.1. Окушының сырты киім келбеті эстетикалық нормаларға сай болуы тиіс;
- 2.2. 1-11 сынып окушылары орынды мектеп фомасы болуы тиіс;
- 2.3. Дене шынықтыру сабактары үшін спорттық киім қарастырылған:  
спорту заңда: ак футболка, спорт шалбары, резенкелі ак табанды кеды немесе кроссовка.  
далада: футболка, спорт костюмі, кроссовка (сүйк мерзімде мақталы кеудеше, телпек, қолғап).
- 2.4. Спорттық киімде окушылар тек кана дәне тәрбиесі сабактарындаған болады. *Тыыйым салынады:*  
Бас киім киіп журуге (хиджабтар, орамалдар, тақиялар);  
Киімге металдан жасалған әшекейлер, бижутериялар тағуға;

### **III. Сабактағы мінездүліктері**

- 3.1. Сыныпқа мұғалімнің кіруі кезінде окушылар амандасады, мұғалім окушылармен сәлесмдесіп болғаннан кейін рұқсат беріліп окушылар отырады. Окушылар сынныпқа кірген әр бір үлкен адаммен амандастып тұрады.
- 3.2. Әр бір мұғалім сабак өткізгенде КР-ның заңдарына, нормативтік күжаттар мен мектеп ережесіне қарама-қайши келмейтіндегі өз пәндері бойынша арнайы ережені анықтайды.

3.3. Сабак барысында шулауга болмайды, бөгде әңгімелесулер арқылы өзі және басқаларды онындармен және тағы да басқа сабакқа қатыссыз істермен аландатуға болмайды. Окуу уақыты тек кана оку максаттарына колданылуы тиіс.

3.4. Мұғалімнің (сынып жетекшінің) талабы бойынша күнделік ұсынылуы тиіс. Окуышы күнделікке жазуды ұқыпты орындауы кажет. Окуу алтасының сонында ата-аналар күнделікке өз колдарын қоюлары тиіс. Сынып жетекші өткен апта үшін қол қояды.

3.5. Сабак барысында окушыга шығу керек болған жағдайда қолын көтеріп мұғалімнің руқсатымен шыгады.

3.6. Егер де окуши сурак койғысы келсе немесе мұғалімнің сұрагына жауап бергісі келсе қолын көтереді. Мұғалім сабактың аяқталғаны туралы хабарлаған кезде, конырау соғылғаннан кейін сыныптан шыға алады. Сыныптан мұғалімнің немесе басқа үлкен аданың шығуы кезінде окушылар тұрады.

3.7. Сабакта міндетті түрде сергіту сәті болуы тиіс.

Жоғарыда аталған ережелерді орындаған жағдайда келесі іс-әрекеттер қабылданады:

- Ата-аналарға хабарлау;
- Ата-аналарды мектепке шақырту;
- Әкімшілік кенеске шақырту;
- Педагогикалық кенеске шақырту;
- Окушының күкірткыштың пен бақылаусыздықтың алдын алу профилактикасы Кенесіне шақырту;
- Жүйелі бүзушылықты орындау жағдайында - мектепшілік есепке қою;

#### **IV. Ұзілісте және сабактан кейінгі тәртіптері:**

4.1. Ұзіліс барысындағы окушының міндеті:

- жұмыс орнын тәртіпке және тазалыққа келтіру;
- сыныптан шығу;
- сыныпты желдетеу;

4.2. Сыныптағы кезекші:

- ұзіліс кезінде сыныпта болады;
- сыныптағы тәртіпті қамтамасыз етеді, тактанды, борды дайындайды;
- мұғалімге келесі сабакка дайындалуға көмектеседі;
- сабак аяқталғаннан кейін сыныпты жинастырады.

4.3. Асханадағы мінезд-құлыш тәртібі:

- окушылар мұғалімдер мен асхана қызметкерлерінің талаптарын орындаиды;
- окушылар ыстық және сұйық тамақты алу және қолдану барысында ұқыпты және сак болуы кажет;
- окушылар асханага сынып жетекшімен ғана барады;
- окушылар асханадағы тамақ пен сүсынды колданады;
- окушылар наңды және тағы да басқа тағам азықтарын лактыруға болмайды;
- окушылар өз ыдыстарын жинастырады;
- окушылар асханадағы тағамды және жемістерді ғана қолдана алады.

4.4. Сабак, үйірме, факультатив, немесе түзету сабактары аяқталғаннан кейін мектептен кетеді, үйге бару жолында жол ережесін сактайды.

4.5. Окушылар үйірме, спорт секцияларына, қосымша сабактарға қатысса барысында сабакта отырулары кажет, ұзіліс кезінде мектеп аумағынан кетуге, шылым шегуге болмайды.

#### **IV. АТА-АНАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРИ (немесе занды өкілдердің).**

##### **1. Ата-аналар (занды өкілдер) міндетті:**

- Балаларының тәртібіне, жалпы орта білім алудына және олардың (толық) орта білім ауларына қажетті жағдай жасауда, окушылардың сабакка үнемі қатысуын қадағалауда жауапты;

Окушы туралы мәліметті, баланың сабакқа келмеу себебін мектепке уақытында хабарлауга;

Окушының академиялық қарызын жоюды қамтамасыз етуге;

Баланың ойдагыдан білім мен тәрбие алуына қажетті құралдарымен, оның ішінде спорттық киім, ауыстыратын аяқ киім, енбек окуына арналған киіммен қамтамасыз етуге;

Сынып және мектепшілік ата-аналар жиналышына қатысуга, мектепке экімшіліктің, педагогтың шақыртуымен келуге;

Заннамаларда қарастырылған тәртіп бойынша, мектеп мүлкіне окушы келтірген шығынды етеуге;

Мектеп қызметкерлерінің құқығы мен енбегін сыйлуға, олардың абырайын қолдауга;

Заннама ережелерін, Жарғы мен Қагидалардың талаптарын орындауга;

## 2. Ата-аналар (заңды оқілдер) құқылар:

- балалардың заңды құқықтары мен қызыгуышылықтарын қоргауга;

- КР заннамалары мен мектеп Жарғысына сәйкес мектепті басқаруга қатысуга;

- мектеп Жарғысымен және басқа құқық белгілеуші, оку барысының уақыт тәртібін үйімдастырудың нормативтік құжаттармен, оның ішінде Ережелермен танысуга;

- оку барысының ағымымен және мазмұнымен, окушылардың көрсеткіштерімен танысуга;

- оку үлгісін (экстернат, жеке оқыту) мектеп Жарғысына сәйкес педагогикалық кеңестің келісімі бойынша осы үлгілерді байланыстыра таңдауга;

- (екімшілік пен мұгалімдердің келісімімен) сабактарға және басқа да оку мен оқудан тыс жұмыстарға қатысуга;

- заннама аясында сыйныптың, мектептің дамуына өз еркімен қайырымдылық ретінде материалдық көмек көрсетуге;

- мектеп Жарғысы мен Ереже шарттарын орындауды талап етуге;

## 1. Жалпы ереже

1.1 Кезекші экімшілік мектеп директорының бүйрүгі негізінде директор орынбасарларынан бектіледі.

1.2 Кезекші экімшілік тікелей мектеп директорына бағынады.

1.3 Кезекші экімшілікке үйімдастыру сұраптары бойынша тікелей бағынады:

- Кезекші сыйныптардың сыйнып жетекшіліктері

- Кезекші мұгалімдер

## 2. Қызметі

Кезекші экімшілік қызметтің негізгі бағыттарына кіретін:

2.1 Өзінің кезекші кезінде тәрбие мен білім беру үрдісін КР заннамаларымен мектеп Жарғысына сәйкес үйімдастырады.

## 3. Қызметтік міндеттері:

Кезекші экімшілік келесі қызметтік міндеттерді атқаруы тиіс:

### 3.1 Үйімдастырады:

- тәрбие мен білім беру үрдісіне катысты барлық сабак кестесі, үйірме, секциялардың және т.б жүргізуін;

- мектеп қызметкерлері мен окушылардың

- қажет болған жағдайда, авария қызметін шакыру және қадағалау;

### 3.2 Бағыттайтын:

- әлдекандай жағдайларда коммуналдық авариялық және өрт, су арнайы қызметкерлермен біргіп, мектеп окушыларын, қызметкерлерін бағыттау жұмыстарына;

### 3.3 Әлдекандай жағдайларда басқарады:

- авариялық және арнайы топтардың жұмысын үйімдастыруды;

- мектеп қызметкерлерімен окушылардың қызметтің үйімдастыруды;

- қызметкерлермен окушыларды көшіруді;

### 3.4 Бакылайды:

- мектептің ішкі сибек ережесінің орындалуымен, қызметкерлердің жұмыс тәртібін;

- окушылардың тәртіп ережелерін;

- барлық білім беру үрдісіне қатысты үйірме, секция т.б кестелерінің сақталуын;

- Мектеп гимаратына бөгде адамдардың кіруіне тыбым салады;

### 3.5 Тұзетеді:

- оқыс жағдайларда үйірме, секция т.б кестелерін;

### 3.6. Кеңес береді:

- оку-тәрбие үрдісін үйымдастыру сұраптары бойынша мектепокушыларына, окушыларга, және олардың ата-аналарына (занды өкілдеріне)

### 3.7 Қамтамасыз етеді:

- әлдекандай жағдайларда коммуналдық авариялық және арнайы қызметкерлер, ата-аналармен, жергілікті өзін-өзі басқару үйымымен тиімді өзара байланысты;

- өз кезекшілігінде барлық білім беру үрдісінде мектептің жұмыс пен сабак кестесін бұзуышылардан себебі туралы жазбаша түсініктеме алу;

### Құқылды:

#### Кезекші әкімшілік

4.1 өз кезекшілігінде тәрбие-білім беру үрдісін үйымдастыруға байланысты кез-келген шешім кабылдан басқаруга;

Кезекші әкімшіліктің өз күзыреті шегінде құқығы бар:

4.2. Мектеп қызметкерлерінен мектептің ішкі сибек ережесі, қызметкерлердің жұмыс тәртібі, сабак, үйірме, секция т.б. кестелерінің сақталуын талап етуге;

4.3 Мектеп қызметкерлеріне міндеттерді боліп беруге;

4.4 Оку-тәрбие үрдісіндегі мадақтау және ескертү туралы бекітілген ережелер бойынша окушыларды тартіптік жауапкершілікке тарту.

4.5 Мектеп қызметкерлерін жауапкершілік тәртіпке ұсынуға;

### Жауапты

5.1 Мектептің ішкі тәртіп ережесі мен Жарғысын мүлдем орындағаны немесе себепсіз орындағаны үшін мектеп директорының және жергілікті нормативті актілері мен қызметтік міндеттерін осы қойылған нұсқаулықтарды, оның ішінде ұсынылған ұсынылған ережені колданбаганы үшін.

5.2 Кезекші әкімшілік жеке окушыга дene жаракаты мен психикалық түргыда бір рет нұсқан келтіргені үшін атакрып отырган қызметтінен КР-ның «Білім беру туралы» Заңы мен Еңбек Кодексі талаптары негізінде босатылады.

5.3 Әкімшілік өзінің қызметтік міндеттін атқаруда мектепке немесе білім беру үрдісінде қарастырылғандай сибекті қорғау, өрт кауіпсіздігі мен санитарлық-гигиеналық ережелерді білім беру мен шаруашылық үрдісінде бұзылған жағдайда әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

5.4 Әкімшілік өзінің қызметтік міндеттін атқаруда мектепке немесе білім беру үрдісінде қарастырушыға нұксан келтіргені үшін бекітілген сибек және азаматтық заңнамалармен материалдық жауапкершілікті қамтиды.

### Өзара қарым - катынас. Қызметтіне байланысты.

#### Кезекші әкімшілік:

6.1.Мектеп директорының бекітілген кестесімен жұмыс істейді;

6.2. Мектептегі окушылардың өмірімен денсаулығына байланысты болған барлық оқыс жағдайлардың талапка сай орындалуын хабарлайды.

## 4. ЖҰМЫСТАҒЫ ТАБЫСЫ ҰШІН ҚӨТЕРМЕЛЕУ.

Міндеттерін өнегелі орындағаны, жұмыстағы жаңа шылдығы және басқа да жетістіктері үшін көтермеледе колданылады:

алғыс жариялау;

мүғалім туралы мектеп сайтына жариялау, Құрмет тақтасына енгізу;

аттестаттау корытындысы бойынша Құрмет грамотасымен, «Оку үздігі», Алтынсарин белгісімен марапаттау туралы; «Оку үздігі», «КР еңбек сіңірген ұстазы» атагына ұсыну, орденмен және медальмен марапаттау.

Көтермелесу экімшілікпен бірге немесе мектептің кәсіподақ органының келісі бойынша беріледі.

Көтермелесу директордың бұйрығымен жарияланады, бүкіл ұжымға мәлімделеді және қызметкердің еңбек кітапшасына енгізіледі.

## 5. ЕҢБЕК ТӘРТІБІН БҰЗГАНДЫҒЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК.

5.1. Жүктелген міндеттері қызметкердің кінасінен орындалмаганы немесе тиісті дарежеде орындалмаганы, яғни еңбек тәртібінің бұзылғандығы тәртіптік жаза қолдануга экеп соқтырады.

- а) ескерту;
- б) сөгіс;
- в) катан сөгіс;
- г) когамдық шараны қолдануга ықпал ету;
- д) жұмыстан босату.

5.2. Тәртіптік жазаны қолдану экімшілікке берілген құқығының шегінде жүргізіледі. Еңбек тәртібінің бұзылғандығының әрқайсысына тек бір гана тәртіптік жаза қолданылады.

5.3. Жазалауды қолданбастан бұрын тәртіп бұзуышыдан жазбаша түрде түсініктеме талап етілуі тиіс. Қызметкердің түсініктеме жазудан бас тартуы жаза қолдануга бөгет бола алмайды.

Педагог қызметкердің кәсіби тәртіп ережесін немесе мектеп Жарғысын бұзғандығы туралы жазбаша түрде шағым түссе гана, тәртіптік зерттеу жүргізіледі. Көшірмесі педагог қызметкерге берілуі тиіс.

Еңбек тәртібін бұзғаны анықталған күннен бастап, науқастаңған және еңбек демалысы уақытын есептемей, бір айдан кешіктірмей жаза қолданады. Еңбек тәртібін бұзған күннен алты ай кешіктірілсе жаза қолдана алмайды.

5.4. Жаза мектеп бойынша бұйрықпен жарияланады. Тәртіптік жаза қолдану туралы бұйрық оны қолдануга түрткі болған себеп көрсетіле отырып, қызметкерге қол қою арқылы уш күннің ішінде жарияланады (хабарланады).

5.5. Қызметкерлерге жаза қолдану мерзімі аяқталғанға дейін, көтермелесу шаралары қолданылмайды.

5.6. Егер қызметкер жарты жыл ішінде жаңа тәртіп бұзуышылықка жол бермесе, автоматты түрде жазасы алынып, тәртіптік жаза қолданылмаган болып есептеледі. Мектеп директоры тікелей басшысының немесе еңбек ұжымының етініші бойынша, жаңа тәртіп бұзуышылыққа жол бермесе және сибетіне адап көзкарас танытса өзі қолданған жазаны мерзімінен бұрын алып тастауға құқылы.

5.7. Тәртіптік жазалау ретінде жұмыстан шыгару еңбек шартымен (ішкі тәртіп Ережесімен және мектеп Жарғысымен) оған жүктелген міндеттерін дәлелді себептерсіз қызметкердің жүйелі түрде орындалғаны үшін, егер оған бұрын да тәртіптік жазалау шаралары қолданылған болса, сондай-ак дәлелді себептерсіз қызырымпаздыққа жол берсе (оның ішінде жұмыс күні барысында жұмыс орында үш сағаттан астам болмағандығы үшін), жұмыска мас күйінде, есірткі немесе уытты заттар қолданып келсе жүргізілуі мүмкін.

5.8. Окушыларға катысты қол жұмсау, жұмыс орынана катысты болмаса да когамдық тәртіпті бұзу, педагогтың когамдық жағдайына сәйкес келмейтін, басқа да адамгершілік ережелерін бұзу адамгершілікке жатпайтын қылыштар болып саналады.

5.9. Мектеп қызметкерлері ұялы телефонды жұмыс уақытында қолдануга тиым салынады. Жұмыс уақытында жоғалған ұялы телефонға тек қызметкердің өзі жауалты болады.